

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің
«№39 қазақ орта жалпы білім беру мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің
өзін-өзі бағалау нәтижелерінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ
(мектепалды сынып)**

Ақтөбе қаласы, 2025ж

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«№39 қазақ орта жалпы білім беру мектеп-лицейі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалауының қорытынды
АНЫҚТАМАСЫ**

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

- 1) А. Кисикова – мектеп директоры, комиссия төрағасы;
Құрамы:
- 2) А. Уразалин – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 3) С. Есеналина – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 4) Г. Уразалина – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 5) Б. Батырғалиев – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 6) С. Таяуова – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 7) Қ.Мұхамбеди – директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;
- 8) Н. Қонырова – кітапханашы, мүшесі;
- 9) А. Кыныртаева – кәсіподақ комитетінің мүшесі.

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі бағыттар қаралды:

1. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
2. Оқыту және білім беру;
3. Білікті қызметкерлердің болуы;
4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6. Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

1. Білім беру ұйымына жалпы сипаттама

Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№39 қазақ орта жалпы білім беру мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Білім беру ұйымының орналасқан жері және заңды мекенжайы: индекс 030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Ағайынды Жұбановтар көшесі, 293А құрылыс

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web сайты)

Байланыс телефоны: 46-75-40;

Мектептің электронды поштасы: 39-mektep@aktgoroo.kz

Мектептің web-сайты: <https://aqtobemektep39.edu.kz/>

Мектептің инстаграм парақшасы: [@39qazaqortamektep_lyceum](https://www.instagram.com/39qazaqortamektep_lyceum)

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)

Кисикова Ақгул Мырзабековна, Байланыс нөмері: 87014750797 «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2022 жылғы 26 тамыз №209 бұйрығымен (ротация тәртібімен тағайындау туралы) мектеп директоры болып тағайындалған

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2018 жылғы 05 мамырда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 09.10.2017 жыл, БСН-970340000685.

Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мектеп жарғысы Ақтөбе облысының әкімдігі 14 қазандағы №286,2024 жылғы қаулысымен бекітілген

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон) «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 25.06.2025 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ60LAM00007946 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

2.Кадрлық құрамға талдау

Ақтөбе қаласының «№39 қазақ орта жалпы білім беру мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепалды сыныбында тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады. Мектептің мектепалды сыныбында 2022-2023 оқу жылында 4 мектепалды сыныбы жұмыс жасаған. 4 сынып-комплектіде 83 тәрбиеленуші болды, 3 тәрбиеші жұмыс жасады. 2023-2024 оқу жылында 3 сынып-комплектіде 68 тәрбиеленуші болған, 3 педагог жұмыс жасады. 2024-2025 оқу жылында 2 сынып-комплектіде оқу жылының басында 52 тәрбиеленуші болса, оқу жылының соңын 51 тәрбиеленушімен аяқтады. 2 педагог жұмыс жасайды. Исмагулова Шолпан Енсегеновна, білімі - жоғары, санаты – сарапшы, 1 ш.б. мектепалды сынып тәрбиешісі қызметін атқарады. Төлекбаева Жансая Қаршығақызы, білімі – арнаулы орта, санаты - педагог. 1 ш.б. мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі қызметін атқарады. Осылайша, 2 педагогтің диплом бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша атқарып жүрген қызметтеріне сай келеді. Мектепалды сыныптарда жұмыс жасайтын педагогтар өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында бес жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өтіп отырған. Педагогтардың сапалық құрамы 50 %-ды құрайды.

№	Тегі , аты , әкесінің аты(бар болған жағдайда)	Жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) және /немесе техникалық және кәсіптік және / немесе орта білімнен кейінгі білім туралы, педагогикалық қайта даярлау туралы мәліметтер, мамандығы , диплом бойынша біліктілігі, бітірген жылы (диплом бойынша)	Біліктілік санаты , берілген күні, санат беру туралы бұйрық нөмері	Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарынан соңғы өткен мерзімі
1.	Исмагулова Шолпан Енсегеновна	Мектепке дейінгі педагогика және психология мамандығы,Пед. коллеждеріндегі психология-педагогика пәндері бойынша оқытушы, мектепке дейінгі тәрбие жөніндегі әдіскер Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе пединституты -1997 жыл	«Біліктілігі жоғары деңгейдегі педагог санатты мектепалды даярлық тобы тәрбиешісі» 2024 жыл	«Өрлеу» БАО 11.11.2021ж. 04.06.2024ж.
2.	Төлекбаева Жансая Қаршығақызы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы;мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешісі - біліктілігі,Ақтөбе гуманитарлық колледжі, 2012 жыл	«Біліктілігі орта деңгейдегі педагог санатты мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі . 2024 жыл	Өрлеу» БАО 05.04.2024ж.

Мектепалды сыныптардың педагогтері кәсіптік қызметті жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” талаптарын сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың нысандары мен тәсілдерін қолданады. Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы №39 мектеп-лицейдің ресми сайтында орналастырылды.

3. Тәрбиеленушілер контингенті

Мектептегі мектепалды сыныптарына 5 жастағы балалар қабылданды.2022-2023 оқу жылында 3 сынып-комплектіде 68 тәрбиеленуші болған. 2023-2024 оқу жылында 2 сынып-комплектіде оқу жылының басында 63 тәрбиеленуші қабылданса, оқу жылының соңында 63 тәрбиеленуші болды, 2024-2025 оқу жылында 2 сынып-комплектіде оқу жылының басында 50 тәрбиеленуші қабылданып , оқу жылының соңында 51 тәрбиеленуші болды, Мектептің негізгі міндеттерінің қатарына білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру – білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу үдерісінің субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мектепалды сыныптарға тәрбиеленушілер жинақталған. Ата-аналар (занды өкілдерімен) арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепалды сыныпқа қабылдаған кезде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына 1-қосымша “Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты” негізінде жасалатын шартпен реттелген. Шарт білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепте болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттеліп отырған. Мектепке дейінгі оқу бағдарламасын меңгерген тәрбиеленушілерді мектептердің мектепалды сыныптарынан шығару жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылған. 2020-2023,2023-2024 оқу жылында да ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілер болмады. 2024-2025 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін 3 тәрбиеленуші болды.

Қорытынды: Аталған оқу жылдарында мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары” талаптары сақталған. Мектеп жасына дейінгі балаларды есепке алуды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау, мектепке қарасты шағын аудан бойынша тәрбиеленушілерді оқыту мен қамту мәселелері – мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында. Тәрбиеленушілер контингенті бойынша электрондық деректер базасы жүргізіледі, қабылдау және олардың қозғалысына бұйрықтарды уақтылы шығару, барлық қажетті деректерді арнайы алфавиттік кітапқа енгізу, электронды алфавиттік кітаптың, бұйрықтар мен журналдардың сәйкестігі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке іс-қағаздары мен медициналық карталары жүргізіледі.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Зерделеу барысында:

Апталық-20 сағат, жылдық-660 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы-25-30 минут. Ұйымдастырылған оқу қызметі, күн тәртібі кестесі жасалып, мектеп директорымен бекітілген.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында мектепалды сыныптардың жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары”- на сәйкес құрылған және бекітілген. Перспективалық жоспарларда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылған және іске асырылады. Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуы қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған. Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минуттан құралған. Мектепалды сыныптардағы балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған. Мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған. Мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспарларында **«Физикалық қасиеттерді дамыту»:** Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылды. Денсаулық сақтау технологиясын қолданып, балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени гигиеналық дағдылар, қимыл қозғалыс тәжірибесін қалыптастырылды.

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту»: Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылып отырды. Балалардың түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттары қалыптастырылды. **«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»** Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамытты.

«Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізе біледі.

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдары қалыптастырылды.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағыдағы мектепалды даярлық класындағы оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы” 1-қосымшасы негізінде құрастырылған. Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері

мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасалынған, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық кеңістік орта, оның ішінде арнайы орта құрылған, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдылары қалыптастыру бойынша, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етіп, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілік, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу болып табылады. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған. Тәрбие мен оқытудың мазмұны - **«Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру»** дағдылары бойынша негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру және жеке жолымен іске асырылуда. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде ұйымдастырылған оқу қызметі кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Циклограмма әр аптаға күн тәртібіне сәйкес құрылған. Циклограмманы жоспарлауда қойылатын талаптар төмендегідей сақталған: - аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау; - әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру; - балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану; - әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау (мектепшілік жалпы саяхат, мектепшілік кітапханаға саяхат, мектепшілік акт залына саяхат, мектепшілік асханаға саяхат т.б.), педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша сабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Мәселен, ҰІӨ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылған. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген. Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы” және білім беру бағдарламалары талаптарына сәйкес.

5. Оқу-материалдық активтер

Зерделеу нәтижесінде:2024-2025 оқу жылы бойынша аталған өлшеуіштер бойынша зерделеу барысында мектепте баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылғаны анықталды. Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер.

Тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі - заттықкеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1–тараудың 2-тармағының 6) тармақшасы негізге алынған. Мектеп ғимараты үш қабатты, оқу кабинеттері бар. Мектепалды сынып кабинеті жиһаздармен жабдықталған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» негізінде №39қазақ орта жалпы білім беру мектебінде 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында жиһаздармен, ойыншықтармен толықтырылған. Жиһаздар, ойыншықтар саны қосымша кесте арқылы көрсетілді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес.**

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Мектеп кітапханасы оқу процесін әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарының маңызды құрылымдық бөлімшесі, сондай-ақ білімді, рухани және интеллектуалды қатынасты, мәдениетті тарату орталығы болып табылады. Осылайша, білім беру ұйымы білім беру қызметін лицензияға сәйкес жүзеге асыратыны және лицензияның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңі бойы білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтайтыны анықталады. Оқу және көркем әдебиетінің кітапханалық қорының туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).Оқу-әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымша сайтта орналастырылды.

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар: Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелері Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттары баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижесінің болуы. Бүгінгі күні аталған Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны қайта қаралып бекітілді. Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастырады. Мониторинг нәтижелерін алу әдістері: - балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау; - әңгімелесу; - балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және тағы басқалар. Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі. Мониторинг жылына 3 рет: - бастапқы – қыркүйекте; - аралық – қаңтарда; - қорытынды – мамырда жүргізіледі. Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталды. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады , деңгейлерін игерген. Жиынтық есеп жүргізіліп, білім беру деңгейлері бойынша балалардың деңгейі көрсетілген.

2023-2024 оқу жылында 2 мектепалды сыныбы бойынша бастапқы және қорытынды кезеңдегі тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму динамикасын кестеден байқауға болады:

Дағдылар Қорытынды бақылау (жоғары деңгей)	Бастапқы бақылау (жоғары деңгей)	Қорытынды бақылау (жоғары деңгей)
Физикалық қасиеттерді дамыту	8%	57%
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	7 %	58%
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	8%	53%
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	9%	63%
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	14%	63%

2024-2025 оқу жылында 2 мектепалды сыныбы бойынша бастапқы және қорытынды кезеңдегі тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму динамикасын кестеден байқауға болады:

Дағдылар Қорытынды бақылау (жоғары деңгей)	Бастапқы бақылау (жоғары деңгей)	Қорытынды бақылау (жоғары деңгей)
Физикалық қасиеттерді дамыту	0%	65%
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	0 %	52%
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	0%	58%
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	0%	61,5%
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	0%	48%

Тәрбиеленушілердің даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелері талапқа сәйкес.

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процестеріне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау Зерделеу барысында: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2024 жылдың 19 наурызында білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті. 2023-2024 оқу жылында наурыз айының 19-ы күні мектепалды сынып

тәрбиеленушілерінің ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 63 тәрбиеленушінің ата-аналары 100 % қатысты.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (немесе заңды өкілдерінен) сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау мазмұнын түсініп, өз ықыластарымен толтырды. Мектеп жұмысының жоғары деңгейде көрсеткіші – 93,7%-5 балл құрады. Тізім бойынша мектепалды сыныптың 2 педагогы 100 % қатысып, 94,7% сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5 балға сәйкес деп бағаланды.

Мектепалды сыныптарының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	Толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады	50	43	5	2
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	45	50	3	2
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	52	45	0	3
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог)қызметіне қанағаттанасыз	34	59	5	2
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	37	62	0	1
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	35	62	2	1
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	37	62	1	0
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	20	51	27	2
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	29	66	3	2
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.	25	60	12	3
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	26	70	2	2
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе	0	10	73	17
13	Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	20	60	20	0
	Барлығы:	34,2%	53,8%	11,7%	0,3%

Мектепалды сыныптарының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан ата-ана саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	63	34,2	53,8%	11.7%	0,3%
		88%-5 балл			

Мектепалды сынып педагогтерімен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	2	0	0	0
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	2	0	0	0
3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	2	0	0	0
4	Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады	2	0	0	0
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған	2	0	0	0
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уактылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	2	0	0	0
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	2	0	0	0
8	Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	2	0	0	0
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	2	0	0	0
10	Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	2	0	0	0
11	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	2	0	0	0
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	2	0	0	0
13	Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	2	0	0	0
14	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	2	0	0	0
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	2	0	0	0
16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	2	0	0	0
17	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады	2	0	0	0
18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды	0	0	2	0
19	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	2	0	0	0
	Барлығы:	94.7%	0%	5,3%	0%

Мектепалды сынып педагогтерімен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан педагог саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	2	94,7%	0%	5,3%	0%
94,7%-5 балл					

9.Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

- Мектепалды сыныптарда педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдауды қажет етеді.
- Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жетілдіру.
- Тәрбиеленушілердің шығармашылығын дамыту, зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік байқауларға қатыстыруды арттыру.
- Мектепалды сыныптарда тәрбиелік іс-шаралардың мазмұнын жетілдіру.

10. Қорытынды мен ұсыныстар

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта , техникалық және

кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» талаптарына сәйкес.

Комиссия төрағасы

Комиссия мүшелері :

А.Кисикова

А.Уразалин

С.Есеналина

Г.Уразалина

Б.Батыргалиев

С.Таяуова

М.Бердембаева

Н.Коньрова

А.Кыныртаева